

«Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық
ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМҚ
Шымкент қ. және Түркістан облысы бойынша филиалы



РНИОТ

РПП на ПХВ «Республиканский научно-
исследовательский институт по охране труда
Министерства труда и социальной защиты
населения Республики Казахстан»
Филиал по г. Шымкент и Туркестанской области

СЕРТИФИКАТ

удостоверяет в том, что

АЙТБАЕВ ТАКЕН БЕРДИБАЙУЛЫ

“Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау” курсы
бойынша оқу бағдарламасын табысты аяқтағанын куәландырады.

успешно закончил (-а) программу обучения по курсу:
“Безопасность и охрана труда на предприятиях”

Комиссия төрағасы
Председатель комиссии



АХМЕТОВ А.

ЕКРҒЗИ № 0163

23 - 27 қыңтар 2023 ж.

Тіркеу № 145
Рег. №



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ

СЕРТИФИКАТ

Айтбаев Такен Бердибайұлы

ЭЫДҰ Сабақ беру мен оқытудың халықаралық
зерттеуінің (TALIS) Қазақстанда 2018 жылы өтетін
негізгі кезеңінің мектеп үйлестірушілеріне
арналған оқу семинарына қатысты

Президент *Е. Нұрланов* Е. Нұрланов



2017 жылғы 9 желтоқсан

Астана қаласы

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

«АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫ» КЕ АҚ
НАО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ ГАРМОНИЧНОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА»

СЕРТИФИКАТ

Т.А.Ә./Ф.И.О. _____

Айтбаев Такен Бердибайұлы

Қазақстан Республикасы педагогтерінің біліктілігін арттырудың

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың

ғылыми-әдіснамалық негіздері»

білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курсты аяқтады.

Көлемі 72 академиялық сағат.

В объеме 72 академических часов.

Келісу

Согласование

Келісілген күні: 20 22 жылғы "28" наурыз

Дата согласования: "28" марта 20 22 года

Ұйымның атауы «АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫ» КОММЕРЦИАЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ ГАРМОНИЧНОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА»

Наименование организации

Ұйымның жетекшісі

Сакенова Е.Н.

Руководитель организации

Берілген күні: 20 22 жылғы "07" сәуір

Дата выдачи: "07" апреля 20 22 года



№ 0008729



Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым министрлігі
Адами әлеуетті дамыту басқармасы



СЕРТИФИКАТ

Осы сертификат Алматыбас Шығармашы
Настоящим подтверждает, что (тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя, отчество)

«Инклюзивті білім беру мен ерекше қабатпаулы қажет ететін бағдарларды тәрбиелеу, оқыту, жеке қабілеттерін дамыту әдістері»
(Методы инклюзивного обучения и воспитания, развития личностных способностей детей с особыми потребностями)
прошел(ла) курсы повышения квалификации на тему / такырыбында

біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы 24.02.2021-16.03.2021 ж. (72 сағат)

в объеме часов / сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайды

“ДАМУ” Республикалық
педагогикалық-психологиялық
дамыту орталығының директоры



М. Нұрымбетов
аты-жөні / Ф.И.О

М.О. Берілген күні: « 16 » 03 2021 жыл
М.П. Дата выдачи: _____ года

Тіркеу нөмірі
Регистрационный номер № 6559

Түркістан облысы
2021 жыл





Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым министрлігі
Адами әлеуетті дамыту басқармасы



СЕРТИФИКАТ

Осы сертификат Әлімбаев Әліжан Әбдірайықовна
Настоящим подтверждает, что (тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя, отчество)

Пәні бойынша: Педагогика
По предмету: _____

«Білім беруді жаңғырту жағдайындағы көпбасшылық және менеджмент»

прошел(ла) курсы повышения квалификации на тему / такырыбында

біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы 19.10.2021-05.11.2021 ж. (72 сағат)

в объеме часов / сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайды

«ДАМУ» Республикалық педагогикалық-психологиялық даму орталығының директоры
М. Нұрмбетов / М. Нұрмбетов
ауы/подпись аты-жөні / Ф.И.О

Берілген күні: « 05 » 11 2021 жыл
Дата Выдачи: _____ тіркеу нөмірі
Регистрационный номер № 1956

Түркістан облысы
2021 жыл



СЕРТИФИКАТ

«ZHARQYN BOLASHAQ»

Республикалық ғылыми - әдістемелік журналы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы

Абай (Ж) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ

Мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары

Айтбаев Такен Бердибайұлы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор: Даукенова А.Д



Алматы 2020 жыл



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ҚАЗЫҒҰРТ АУДАНЫ

ДИПЛОМ

II дәрежелі

«Педагогикалық идеялар фестивалі»
атты облыстық фестивалінің аудандық
кезеңінде «Білім беру жүйесіндегі менеджмент
бағыты бойынша жүлделі орынға
ие болғаны үшін

Абай (Ж-н) жалпы орта білім беретін мектебі
мектебінің мұғалімі

Айтбаев Тәкен Бердібайұлы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Аудандық білім
бөлімінің басшысы



А.Уисимбаев

Тіркеу № 1267

2018 жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ



АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Айтбаев Шәкен Фердибайұлы!

Экономикалық ынтымақтастық және даму
ұйымының Халықаралық сабақ беру мен оқыту
зерттеуінің (TALIS-2018) негізгі кезеңін
ұйымдастырып өткізуге жауапты әрі белсене
атсалысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз

Президент



Н. Шәмшиева

Астана, 2018



Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі



ДИПЛОМ

II дәрежелі



Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты жалпы білім беретін мектептердің

8-11 сынып оқушылар арасындағы ғылыми жоба байқауының аудандық кезеңінде

"Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашақ дамуы бар саяхат маршруттары"

бағытты бойынша құнды жоба дайындағаны үшін

Әбді (м) мәлім Әлімжанұлы

Оқушысы

Әлімжан Әлімжанұлы

жетекшісі

Аманжол

Аманжол

Аманжол

МАРАПАТТАЛАДЫ

Бөлім басшысы

А.Уисимбаев



Тіркеу № 3615

Қазығұрт 2021



Түркістан облысы
Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі

АЛҒЫС ХАТ

Айтбаев Тәкен

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі игіліктегі істері және
ұлағатты ұстаздық жолындағы шығармашылық ізденістері арқасында өз
шеберлігін, біліктілігін жоғары дәрежеде танытқаны үшін марапатталады.

Қазығұрт аудандық білім бөлімі
Кәсіподақ ұйымының төрағасы:

Тіркеу № 159



Қазығұрт 2021

С.Мұсақұлов



Оңтүстік Қазақстан облысы
Қазығұрт ауданы



Алғыс хат

Жас ұрпаққа саналы білім, саналы тәрбие берудегі игілікті істері
және ұлағатты ұстаз жолындағы шығармашылық ізденістері арқасында
өз шеберлігін, біліктілігін жоғары дәрежеде танытқаны үшін
Абай атындағы жалпы орта мектебінiң мұғалімі

Такен Бердібайұлы

МАРАПАТЛАДЫ



Аудандық кәсіподақ
комитетінің төрағасы

А.Қанатбаев

Тіркеу № _____

Қазығұрт 2018 жыл

Түркістан облысы
Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі

Алғыс хат

Құрметті Айтбаев Такен Бердібайұлы

Сізді, 2021-2022 жылғы оқу жылының аяқталуына байланысты педагогтар мен оқушылардың шығармашылық, зылыми-әдістемелік, интеллектуалды жұмыстарын ұйымдастыруда жасапты қызметі абыроймен атқарғаныңыз үшін алғыс білдіремін. Егеменді еліміздің игілігі үшін атқарған істеріңізге жеміс, деніңізге саулық, шығармашылық табыс тілеймін!

Бөлім басшысы

А. Усипбаев

Тіркеу № _____



2021 – 2022 оқу жылы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

АЙТБАЕВ ТАКЕН БЕРДІБАЙҰЛЫ

**ЖАС ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ,
САНАЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ИГІЛІКТІ ІСТЕРІ
ЖӘНЕ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ АРҚАСЫНДА
ӨЗ ШЕБЕРЛІГІН, БІЛІКТІЛІГІН
ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН
МАРАПАТТАЛАДЫ**

Облыстық білім
басқармасы басшысының
міндетін атқарушы



A.M. Садықова

Тіркеу № 497

Түркістан қаласы
2019 жыл



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
ЖУРНАЛ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛГЕН №16781-Ж
«ҚАЗАҚСТАН ҰСТАЗЫ»

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Айтбаев Тіжен Бердібайұлына

Оқушыларды оқытуда талмай еңбек етіп,
біліммен сусындатып, оқушылардың
бойында адамгершілік асыл
қасиеттерді сіңіріп,
білікті ұстаз ретінде аянбай
қажырлы еңбек етіп,
білімге құштар, жаны жайсаң
нағыз патриот тәрбиелегені
үшін
марапатталады



Бас редактор:
Еркін Е.А.

Алматы 2019 жыл



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

EDU PRINT
жедел басу баспаханасы

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

*Тәуелсіз Қазақстанның
рухани даму жолында
ұрпақ тәрбиесіне сіңірген еңбегімен
және білім саласының дамуына
қосқан үлесі үшін*

Айтбаев Такен Бердибайұлы
марапатталады

Халықаралық ғылым мен білімді
қолдау орталығының директоры



Н.А. Жолтаева

«06»04. 2021 жыл

тіркеу № 001/ 3257

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
Абай атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі


КУӘЛІК

Берілді Абай (Ж-Н) атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Айтбаев Такен Бердібайұлына, оның
тәжірибесі зерттеліп, жинақталған және озат деп табылып мектепшілік
көлемінде таратылды.

Мектеп директоры:  С.Кожанов

«02» Маусым 2021 ж

Тіркеу № _____



АЛҒЫС ХАТ

Құрметті Айтбаев Төкен Бердібайұлы !

Сізді, мұғалімдер күні кәсіби мерекесімен құттықтаймын.


Егемен еліміздің болашағы жас жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие берудегі жемісті еңбегіңіз үшін алғысымды білдіремін.

Алдағы уақытта да, шығармашылық ізденіспен еңбек етіп, нәтижелі көрсеткіштерге жете береді деген сеніммен, Сізге және отбасыңызға амандық, зор денсаулық, игі бастамаларыңызға табыс тілеймін.

Ізгі ниетпен,
Аудан әкесі:

А. Абдуллаев

Қазығұрт-2022ж





Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым министрлігі
Адами әлеуетті дамыту басқармасы



СЕРТИФИКАТ

Осы сертификат Алимаев Әлімжан Зейнепжолдасовна
Настоящим подтверждает, что (тегі, аты, әкесінің аты / фамилия, имя, отчество)

«Инклюзивті білім беру мен ерекше қабілеті бар балаларды тәрбиелеу, оқыту, жеке қабілеттерін дамыту әдістері»
(Методы инклюзивного обучения и воспитания, развития личностных способностей детей с особыми потребностями)
прошел(ла) курсы повышения квалификации на тему / такырыбында

біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы 24.02.2021-16.03.2021 ж. (72 сағат)
в объеме часов / сағат көлемінде біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайды

“ДАМУ” Республикалық
педагогикалық-психологиялық
дамыту орталығының директоры



қолы/подпись

М. Нурымбетов
аты-жөні / Ф.И.О

М.О.
М.П.

Берілген күні: «16» 03 2021 жыл
Дата выдачи: года

Тіркеу нөмірі
Регистрационный номер № 6559

Түркістан облысы
2021 жыл

Республикалық әдістемелік ғылыми-педагогикалық журнал

Жаңа ұрпақ

02 (14) 2019
№2



«Біздің жастарымыз ғылым мен білімге ұмтылып, елдің болашағын ойлайтын болса, келешегіміз кемел, тәуелсіздігіміз баянды болады.»

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



Түркістан облысы Қазығұрт ауданы «Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Айтбаев Такен Бердібайұлы

Өзін-өзі тану – өмірді тану

Ұрпақ өнегесі, олардың адамдық болмысы жайлы ой толғап, рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын «Бөбек» қорының президенті С.А.Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық бағдарламасының оқу-тәрбие үрдісіне енгізілуі жақсы бастама десек, қателеспейміз. Бұл пәннің негізгі мақсаты – адамның қоршаған ортаны танып, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік «Менін» қалыптастыру. Бала – кең әлемдегі ең пәк, ең таза асыл жан. Оның ойының тазалығы, арының тазалығы, оны қоршаған ортаға байланысты болмақ. Бала осы ортаны қалай қабылдап, танып білсе, оның алдынан кең әлемнің есігі де солай ашылмақ. Әлемдегі болып жатқан өзгерістер білім жүйесіне өз әсерін, ықпалын тигізіп отыр. Бүгінгі күні білім саласымен бірге оқушының рухани-адамгершілік тәрбиесіне және ішкі жан дүниесіне де көңіл бөлінуде. Сондықтан, бұл бағытта «Өзін-өзі тану» пәнінің маңызы зор деуге болады. Өйткені, әр баланың ашылуына, оның өзіне деген сезім, құрмет, өзі жасаған қылықтарына деген жауапкершілік сезімдері пайда болады. Бала әрбір сұрағына жауап тапқаннан кейін, оның ойымен өзгелердің санасқанын көргеннен кейін өзін жеке тұлға ретінде сезіне алады. Ол өз ортасында өзінің орнын, рөлін сезінеді. «Өзін-өзі тану» сабағының өзіндік ерекшелігі әрбір сабақта көрініс табады. Білім алушылар сыныпқа енгеннен, бір-біріне жылы лебіздер мен тілектерін тілеп, достық, сыйласымдық қарым-қатынаста болады. Мұндай қарым-қатынасты әрбір сабақты бастамас бұрын жүргізілетін «Шаттық шеңбері» мен «Тыныштық сәтінен» байқай аламыз. «Шаттық шеңберінде» оқушылар бір-біріне жылы лебіздер мен тілектер білдірсе, «Тыныштық сәтінде» оқушылар көздерін жұмып, адамгершілікке баулитын шағын мәтіндер арқылы баяу музыка желісімен саяхат жасайды. Осындай жылы қарым-қатынастан кейін оқушының сабаққа деген құлшысыны артып, көңіл-күйі көтеріліп, белсене қатысады. «Әңгімелесу» мен «Мәтінмен жұмыс» бөлімдерінде оқушылар мәтінді оқып, өзара сұрақтар қою арқылы талқылап, адам бойында қалыптастатын жақсы және жаман қасиеттерді ажыратып, өз ойларын ашық әрі тиянақты айтуға дағдыланады. «Сахналық қойылым» бөлімінде оқушылар мәтіндегі рөлдерге еніп, өздерінің актерлік шеберліктерін көрсетсе, «Жағдаяттарды талдау» бөлімінде оқушылар жеке немесе топпен, жұппен, үштікпен біріге отырып талдап, келеңсіз жағдайдың қалай шешімін және тығырықтан шығудың жолдарын тауып, бірлікке ұмтылады. Әр бөлімнен кейін оқушылар өздерінің алған әсерлерімен, ойларымен бөлісіп, қорытынды шығарады. Өз ойларын ашық айтып, еркін жеткізе алады. Бұл сабақты тек қана оқушыларға ғана өткізіп қоймай, ата-аналармен де өткізу өте тиімді. Мектебімізде «Өзін-өзі тану» пәні бойынша апталық өткізіліп тұрады. Апталық барысында төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектептің барлық балаларға көрінетін дәлізінде «Тілек ағашы» ілінді. Ағашқа барлық сыныптың

оқушылары, мұғалімдер өздерінің бір-біріне деген шынайы тілектерін, лебіздерін білдірді. Ал, келесі күнінде оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер арасында «Шынайы тілектер» күні өткізілді. Онда оқушыларға, ата-аналарға, ұстаздарға әр түрлі көңіл күйді көтеретін жаттығулар мен тренинг-ойындар жүргізілді. Ойын-жаттығу барысында бір-біріне деген сыйласымдылық пен мейірімділік қарым-қатынастары арта түсті деп ойлаймын. «Ізгілік әлемінде» тақырыбында оқушылардың шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастырылса, «Болашаққа көзқарас» тақырыбында постер қорғап, коллаждар жасады. Әр сыныптың оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай «Менің достарым менің қасымда болғанда...», «Шынайы достық – бұл...» тақырыптарында шағын эссе жазу ұсынылды. Нәтижесінде адамды ойландыратын сан қилы эсселер жазылды. Сонымен қатар әр түрлі спорттық ойындар мен флеш-мобтар ұйымдастырылды. Осылайша, оқушылар мен ата-аналарға рухани-адамгершілік тәрбиенің адам өмірінде алар орны өте жоғары екендігін іс-тәжірибе арқылы көрсете білдім. Яғни, нақтырақ айтқанда, адамға өмірде ең қажеті отбасына, ортасына деген сүйіспеншілігі, рухани-адамгершілігі, сыйластық, татулық, бауырмалдық, жылы қарым-қатынас болса, онда адам бірлікте, бейбіт өмір сүретіндігін түсінеді деуге болады. Өмірдің осыншама қызықты екенін түсінген жасөспірімдер, өмір сүруге деген құлшынысы арта түседі. Сонымен қатар әрбір сабақта оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, рухани-адамгершілік қабілеттерін дамыту мақсатында әр түрлі ойындар, тренингтер, шығармашылық қабілеттерін оятатын тапсырмалар орындалуы өте маңызды. Баланы жан-жақты дамытып, өзінің ішкі жан дүниесін тану арқылы өмірдің мәнін пайымдауға үйретуді мақсат ететін «Өзін-өзі тану» пәні рухани-адамгершілік білімнің қағидалары мен әдістеме-нұсқауларының қайнар көзі – ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтардан негіз алады. Атап айтқанда, халқымыздың аңыз әңгімесі, ертегісі, накыл сөздері, мақал-мәтелдері, ұлылардан ұлағат алу, ақын-жазушыларымыздың шығармашылық еңбектерінен тәрбиенің түйінін табу, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйрену, «Өзін-өзі тану» пәнінің өзегі болып табылады. Бұл пән адамды жеке тұлға, жеке азамат ретінде өмірдің мәнін түсініп, өмірден өзіндік орнын табу үшін ішкі мүмкіндіктерін аша білуі тиіс. Сабақ барысында оқушыны өзінше ойлауға, шешім қабылдауға, өз ісіне жауапты болуға, сыйласымдылыққа, қайырымдылыққа, өзгенің пікірін тыңдай білуге, әркімнің айтқан пікірі өзінше бір құнды екенін, досының еңбегін бағалай білуге үйреттім. Осындай құндылықтарды оқушыларымыздың бойынан көріп, ата-бабамыздың болашақ ұрпаққа деп қалдырған мол мұрасын осы пән арқылы келесі ұрпаққа жеткізіп жатсақ, ол біздің мақсатымыздың орындалғаны деп ойлаймын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», еңдеше болашақ ұрпақтың бойына рухани-адамгершілікті ұялата отырып тәрбиелеу ол біздің, яғни отбасы мен ұстаздардың міндеті екендігін ұмытпайық, ағайын!

Республикалық ғылыми - әдістемелік журнал

ZHARQYN BOLASHAQ

Республиканский научно - методический журнал

ЖАКИПОВА ГУЛЗАТ САРСЕНБАЕВНА

Шымкент қаласы

№ 5 «Нұрсәт» бөбекжай бақшасы

педагог-психолог

**БАЛАБАҚША ФЛИПЧАРТ ӘДІСІМЕН БАЛАЛАРМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОҚУ
ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ**

математиканың алатын орны ерекше. Қазіргі заман - математика ғылымының өте кең, жан - жақты тараған кезеңі. Ал талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты - математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Математика сөзінің өзі грек тілінде білім, ғылым деген мағынаны білдіреді. Олай болса ежелгі заманнан - ақ математикалық білімді ғылымдықтың жоғары дәрежесі ретінде қабылдаған. Математика барлық ғылымдардың логикалық негізі - күре тамыры. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және шындай түседі. Математикалық тілде тілдесу қабілетін, сөз коммуникациясын дамытады. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылыстарды, жаңалықтарды дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі. Білім беру жүйесінің қайта жаңартылуы баланың шығармашылық дарындылығын тануға және болжам жасауға жаңа көзқарасты талап етуде. Дарынды балаларды тану - нақтылы бір баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ үрдіс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі. Зерттеушілік, ізденушілік - бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай - ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Психологтар «зерттеу тәртібін» тұлғаның дамуы мен өзін - өзі дамытуда маңызды деп көрсетеді. Шынында да ізденушілік белсенділігі төмендеген сайын адам қолынан еш нәрсе келмейтін сияқты үрей туғызатын жағдайға тап болуы мүмкін. Сөйтіп, білімге деген ынтасы басылып, нәтижесінде өзінің қабілетін, мүмкіндігін әлдеқайда төмендетіп алуы ғажап емес. Зерттеу ісі қазіргі кезде ғылыми қызметкерлердің белгілі топтарына ғана тән емес, сондай - ақ бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады.

Бұл пікірді Абайдың жетінші қара сөзіндегі « Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі - көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге өйтеді?», « бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», - деген ой - тұжырымы растайды. Биік танымдық қабілет, тұрмыс - тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу бастауыш кластан басталуы тиіс.

Өйткені бастауыш класс оқушысының түрлі сөздіктер мен қызықты әдебиеттерді іздеп табуға, оқып танысуға деген құштарлығын басым болады. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Дарынды бала қойылған проблеманы тұтастай көре біліп, оған байланысты болмыс сырларын көптеп шешуге, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығады, түсініксіз нәрсені білуге ынтазарлық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға бейім келеді.

№3 Алға қазақ орта мектебінің де негізгі мақсаты - оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау, білімді өз бетінше меңгерту, оқушылардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру және интеллектуалдық іс - әрекетке әзірлеу. Сонымен бірге, жанаша оқыту жолдарын тауып, оны дамыту мен қалыптастырудың алғы шарттарын іске асыру.

Мектебімізде әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибелерді жетік игеру, оқу процесін технологияландыру бағытында шығармашылық топтар жұмыс істейді: дамыта оқыту технологиясы, интерактивті оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, деңгейлеп оқыту технологиясы. Шығармашылық топтардың басты мақсаты оқу процесінде оқушылардың оқуға қызығуын арттыру, өздігінен білім алуға құштарлығын дамыту, оқушының мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдайлар жасау жұмыстарын шебер, тиімді ұйымдастыруға

мұғалімдерге бағыт - бағдар беріп, көмектесу.

Оқушыны шығармашылыққа баулу үшін оның танымдық қызығушылығын арттыру бағытында сәуір жұмыстар жүргізілуде. Оны төмендегі сызбадан көруге болады:

Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады. Солардың ішіндегі ең тиімдісі (зерттеуге оқыту) - оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру.

Сондықтан мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми проблема болып табылады.

Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор.

Тақырыпты таңдағанда «мені не қызықтырады?» - деген сұраққа жауап беру керек.

Тек мұғалім оқушыға жоба жаза алатынын және жақсы идеялардың барлығы да жазу кезінде болатынын түсіндіріп, оқушының жазуға деген қызығушылығын арттырса сонда бала зерттеу жұмысын жазуға талпынады.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

Оқушыны ғылыми - зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру керек. Яғни оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ең алдымен оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге үйрету қажет.

Қазіргі білім мен тәрбиенің негізгі бағыты - жан - жақты дамыған тұлға қалыптастыру, тұлғаның «Мен» менталитетін қалыптастыру, өзін - өзі тану, өзін - өзі дамыту мәселесінің айналасында болып отыр.

Расында да, тұлғаға дұрыс бағыт беру, даму, қалыптасу аймағына енгізу, өз белсенділіктерін туғызу, өзін - өзі тәрбиелеу іс - әрекеттерін ықпал ету - ұстаздар алдындағы жауапты міндет. Осы үрдістегі мұғалімнің ролін төмендегіше саралауға болады:

- диагностикалық жұмыстар арқылы психологпен бірлесе отырып, ғылымға икемді, дарынды балаларды анықтау;
- тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың ғылымға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға түрткі жасау;
- танымдық белсенділіктерін дамыту үрдісінен іздену. Оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру - оларды ғылыми - ізденіс аймағына енгізудің басты жолы.

Оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен - зерттеушімін», «Мен - жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен - зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады.

Жалпы айтқанда, педагогикалық ұжым дербес ойлап, кез келген жағдайда шешім қабылдай алатын, дүниетанымы терең, жан - жақты дамыған шәкірттер тәрбиелеуді көздейді. Мектебімізде дарынды баламен жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылуда. Балаларды ғылыми - ізденіске, ғылыми жоба қорғауға баулу арқылы білімдерін тереңдету ісі жүріп жатыр. Оны - әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы тұлғаны дамыту аймағына кіргізу мақсатындағы бір қадам деп есептеуге болады.

Мектеп оқушыларын ғылыми - ізденіске баулу 2000 - 2001 оқу жылынан бері жүргізіліп келеді. Жыл өткен сайын әр түрлі пәннен ғылыми жоба жарысына қатысушылар саны көбеюде. 2009 - 2010 оқу жылында математика пәнінен 2 оқушы ғылыми жоба жарысына қатысты. Соңғы жылдары мектебімізде де ғылыми - практикалық конференция өткізіліп жүр.

Өткен оқу жылында мектебімізде өткізілген II ғылыми - практикалық конференцияға әр түрлі пәндерден өздері тандаған тақырыптары бойынша 10 оқушы ғылыми жобаларын қорғап аудандық ғылыми - практикалық конференцияға жолдама алған болатын, одан әрі Кіші ғылым Академиясы Ақтөбе филиалының XIV ғылыми - практикалық конференциясында өздерінің ғылыми жобаларын қорғап шықты. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей қатынасқан 773 оқушының ішінен, мектебіміздің 10 класс оқушысы Д. Смағұлова (биология пәнінен) жүлделі III орынды иеленіп, математика пәнінен

«Сандардың бөлінгіштігі» тақырыбына 7 класс оқушысы А. Жоламанова мен «Үшбұрыштың таңғажайып нүктелерінің қасиеттерін зерттеп, практикалық есептерге қолдану мүмкіндіктері» тақырыбына 8 класс оқушысы А. Ахметхановалар өз жұмыстарын ойдағыдай қорғап, «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Мектептің педагогикалық ұжымы үшін мақтаныш 10 класс оқушысы Д. Смағұлова (биология пәнінен) Республикалық ғылыми - практикалық конференцияда жүлделі I орынға ие болды.

Оқушымен шығармашылық жұмыс бастамас бұрын мұғалім өзіне төмендегідей талап қойғаны дұрыс:

1. Дарынды баланы анықтауда психологпен бірлескен жұмыс жасау;
2. Ата - анасымен педагог ретінде сөйлесе білу;
3. Дарынды балаларға арнайы бағдарламалар жасау;
4. Дарынды балаға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою;
5. Жаңа технология элементтерін сабақта пайдалану;
6. Тапсырманың орындалу нәтижесін қадағалау.

Оқушыларды ғылыми жоба жарыстарына дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет:

- Тақырыптың ғылыми құндылығы;
- Тандаған тақырыпты ашудағы оқушы еңбегінің сипаты, қосқан үлесі;
- Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
- Ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;
- Жұмыстың көркем безендірілуі.

Оқушылардың бойында дарындылық қасиеттерін, ізденімпаздығын қалыптастыруда кластан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, тандауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Мектептегі пәндік сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Мектебіміздің оқушылары халықаралық интеллектуалдық ойын сайыстарына да қатысып, жақсы жетістіктер көрсете білді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үңіліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет. Дарынды да, қабілетті оқушыларды ғылымға баулып, ғылым арқылы егемендігімізді нығайтуға үлес қосайық құрметті әріптестер!